



**«Авторлық педагогикалық әзірleme»
қалалық конкурсы туралы ереже**

I. Жалпы ережелер

1. «Авторлық педагогикалық әзірleme» қалалық конкурсы туралы ереже (бұдан әрі – Конкурс) Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы (өзгерістермен және толықтырулармен) Заңдарына, 2016 жылғы 27 қаңтардағы Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарына, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) «Сараптамалық кеңес туралы» 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 563 ережесіне сәйкес әзірленді.

2. Авторлық педагогикалық әзірleme ұғымы педагог жеке тәжірибе негізінде әзірлеген және тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес мазмұнында инновациялар бар оқу-әдістемелік басылымдарды: бағдарламаларды, оқу-әдістемелік, әдістемелік құралдарды, әдістемелік ұсыныстарды, жинақтарды және т.б. (бұдан әрі – Оқу-әдістемелік басылымдар) білдіреді.

3. Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) педагогтері арасында конкурс өткізу тәртібін айқындайды.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

4. Конкурстың мақсаты – оқу-тәрбие процесінің сапасын арттырудың инновациялық идеяларын іздеу, шығармашылық әлеуетті ашу және педагогтер кәсібін әлеуметтік беделін арттыру.

5. Конкурстың міндеттері:

- педагогтердің авторлық әзірlemелерінің инновациялық бағыттарын зерделеу;

- оқу-әдістемелік басылымдарды әзірлеу бойынша педагогтердің шығармашылық тәжірибесін тарату;

Айгер

- педагогикалық идеялармен, шығармашылық нәтижелерімен алмасу;
- қалалық оқу-әдістемелік басылымдар банкіні қалыптастыру.

III. Конкурса қатысу шарттары

6. Конкурса Астана қаласының білім беру ұйымдары педагогтерінің кемінде 3 жыл сынақтан өткен оқу-әдістемелік басылымдары қабылданады.

7. Конкурса бұрын ұсынылған оқу-әдістемелік басылымдарды қайта тапсыруға жол берілмейді.

8. 1-бөлімдегі Жалпы ереженің 2-тармағына сәйкес оқу-әдістемелік басылымдардың мәтінінің түпнұсқалығы 60%-дан аз болған жағдайда қайтарылуға жатады.

IV. Оқу-әдістемелік басылымдарды ресімдеу және ұсыну тәртібі

9. Авторлық педагогикалық әзірлеменің құрылымы 1-бөлімдегі Жалпы ереженің 2-тармағына сәйкес оқу-әдістемелік басылымның таңдалған түріне байланысты. Оқу-әдістемелік басылымның құрылымы мыналарды қамтуы керек: титулдық бет, оқу-әдістемелік басылымның түріне байланысты кіріспе немесе түсіндірме жазба, мазмұн мәтіні, пайдаланылған әдебиеттер, оқу-әдістемелік басылымның түріне байланысты қосымшалар.

10. Титул парағында оқу-әдістемелік басылымның атауы, түрі, әзірлеу орны, жылы көрсетіледі. Титул парағының артқы беті рецензент, автор туралы мәліметтерден (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс орны), беттер санынан тұрады және аннотациясы болуы керек.

11. 1-бөлімдегі Жалпы ереженің 2-тармағына сәйкес оқу-әдістемелік басылымның (бағдарламадан басқа) мазмұндық бөлігінде оқу-әдістемелік басылымның тапсырылған түрінің құрылымына сәйкес бөлімдер:

- Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басым бағыттарына, жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламаларына сәйкес негізгі бөлімдерді дәйекті баяндау;

- іс жүзінде пысықталған, нәтижелі тәсілдер, оқыту нысандары, әдістері, тәсілдері, құралдары, технология элементтері, тапсырмаларды әзірлеу, сабақтарды әзірлеу, тәрбие іс-шараларын әзірлеу, оқу-тәрбие процесінің инновациялары.

12. Бағдарламаның мазмұндық бөлігінде оқу-әдістемелік басылымның құрылымына сәйкес бөлімдер: оқу сабақтарының, дәрістердің және т.б. тақырыптарын (сағат санын көрсете отырып) тізімдейтін күнтізбелік-тақырыптық жоспар. Бағдарламаның мақсатын іске асыру үшін **1-бөлімдегі** Жалпы ереженің 2-тармағына сәйкес оқу-әдістемелік басылымның түрі (педагогтің таратылған тәжірибесіне байланысты, мүмкін бірнеше түрі) қосымша қоса беріледі.

13. Қосымшалар – оқу-әдістемелік басылымның тапсырылған түрінің құрылымына сәйкес:

- авторлық әзірлемені іске асырудың тиімділігін анықтау бойынша мониторингтік зерттеулер;

- оқу сабақтарын, тәрбие іс-шараларын және т.б. өткізудің шамамен алгоритмдері.

14. Оқу-әдістемелік басылымды әзірлеу кезінде пайдаланылған әдебиеттер тізімі библиографиялық әдебиеттерді рәсімдеу талаптарына сәйкес келуі тиіс.

V. Оқу-әдістемелік басылымдардың сараптамасын бағалау критерийлері

15. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:

1) автордың оқу-әдістемелік басылымының негізгі идеясының, шығармашылық ойының білім беру жүйесінің басымдықтарына сәйкестігі;

2) тәжірибеге сұраныс (педагог пайдаланатын оқыту нысандары, әдістері, тәсілдері, құралдары, технология элементтері, тапсырмаларды әзірлеу, оқу сабақтарын әзірлеу, тәрбие іс-шараларын әзірлеу, оқу-тәрбие процесінің инновациялары);

3) инновацияның болуы;

4) материалды баяндаудағы тәжірибеге бағдарлану;

5) педагог ұсынған оқыту нысандарының, әдістерінің, тәсілдерінің, құралдарының, технология элементтерінің, тапсырмаларды әзірлеу, сабақтарды әзірлеу, тәрбие іс-шараларын әзірлеу, оқу-тәрбие процесінің инновацияларының жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына сәйкестігі;

6) сабақтастық, кіріктіру принциптерін іске асыру;

7) сынақтан өткізу дәрежесі;

8) педагогтің білім беру ұйымын дамыту бағдарламасын іске асыруда оқу-әдістемелік басылымның тиімділігі мен нәтижелілігін айқындау үшін технология элементтерін, әдістерін, тәсілдерін пайдалану процесінде дұрыс деректердің болуы;

9) логикалық, дәйектілік, мәтіндерде грамматикалық қателіктердің болмауы, техникалық рәсімдеу.

1) 16. Рәсімдеу талаптары: мәтін қағаз түрінде *.docx форматында басылады. Қаріп: Times New Roman; қаріптің мөлшері - 14; жоларалық интервал - 1; сол жақ жиегі – 2,5 см, оң жақ жиегі – 1,5 см; колонтитулдар – 2,5 см; абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) – 1,25 см; жұмыстың көлемі – А4 форматында 30 баспа бетінен кем болмауы керек.

VI. Конкурсты ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау

17. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін конкурстың Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) және әділ қазылар алқасы құрылады.

18. Ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасы мүшелерінің құрамы Әдістемелік орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

19. Конкурстың әділ қазылар алқасы Әдістемелік орталықтың Қалалық оқу-әдістемелік кеңестің (бұдан әрі – ҚОӘК) сараптамалық кеңесінің мүшелері, ғылым докторы немесе кандидаты, тиісті бейіні бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың өкілдері, Астана қаласының Білім басқармасының қызметкерлері, әдіскерлер және білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы өкілдерінен құрылады.

20. Конкурстың әділ қазылар алқасы мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Әділ қазылар алқасының отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды болып есептеледі.

21. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды Ұйымдастыру комитеті Астана қаласының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ конкурс басталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын Әдістемелік орталықтың сайтында орналастырылады.

22. Конкурстың әділ қазылар алқасы қатысушылардың материалдарын бағалайды, байқау жеңімпаздары туралы шешім қабылдайды. Шешім әділ қазылар алқасы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Әділ қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда әділ қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады, әділ қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді. Конкурстың әділ қазылар алқасы жеңімпаздарды марапаттайды.

23. Конкурсқа қатысу үшін **2022 жылғы 05 желтоқсанына дейін** avtor.bagdar@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысуға арналған нысан бойынша өтінім;

2) білім беру ұйымының басшысы куәландырған конкурсқа қатысушыға ұсыныс;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) электронды нұсқада оқу-әдістемелік басылым ұсынылады;

5) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес PhD бейіні бойынша ғылым докторы / кандидатының 1 пікірі;

б) білім беру ұйымы әдістемелік кеңесінің отырысында оқу-әдістемелік басылым қарастырылған, төраға, хатшы қол қойған және мөрмен расталған хаттама;

7) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес инновациялық педагогикалық тәжірибенің нәтижелерін енгізу (қолдану) туралы акт;

8) конкурстық материалдар көрсетілген ретпен жиналуға тиіс. Белгіленген мерзімнен кейін түскен конкурстық материалдар қабылданбайды.

24. Талаптарды бұза отырып, дайындалған материалдар қарауға жатпайды. Конкурстық материалдар қайтарылмайды.

VII. Конкурс қорытындысы

25. Конкурс қорытындысы бойынша үздік оқу-әдістемелік басылымдар таңдалып, жеңімпаз («Гран-при») және жүлдегерлер (1, 2, 3 орындар) анықталады.

26. Жеңімпаз бен жүлдегерлер құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Конкурстың жеңімпазы мен жүлдегерлеріне жұмысты Астана қаласының аумағында тарату құқығы автоматты түрде беріледі (ҚОӘК шешімі хаттамамен расталады).

27. Конкурс нәтижелері Астана қаласының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жарияланады, сондай-ақ Әдістемелік орталықтың интернет-ресурсында орналастырылады.

**«Авторлық педагогикалық әзірлеме»
конкурсына қатысуға
Өтінім**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Мен өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

1	Жұмыс орны	
2	Т. А. Ә. толық	
3	Туған жылы, күні, айы	
4	Лауазымы	
5	Біліктілік санаты	
6	Байланыс телефоны (үй, ұялы), эл. пошта	
7	Конкурс құжаттары парақтарының жалпы саны	
8	Өтінімді толтыру күні	

Конкурсқа қатысушының жеке қолы _____ Т. А. Ә.

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____ Т. А. Ә.

М.О.

Пікір

оқу-әдістемелік басылымдардың атауы (бағдарламаларға, оқу, әдістемелік құралдарға және т. б.)

Білім беру ұйымы: _____

Автор

Тақырып _____

1. Жұмыстың өзектілігі (бағдарламалар, құралдар, ұсынымдар және оқу-әдістемелік басылымдардың басқа түрлері), тәжірибелік-эксперименттік жұмыс

2. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде (қала [аудан, облыс, республика, шетелде) ұқсас жұмыстардың болуы немесе болмауы: _____

Жұмыс мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету _____

3. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізін сипаттау (қисындылығы, нәтижелердің білім беру ұйымының жалпы стратегиясымен байланысы) _____

4. Әрбір нәтиженің, ғылыми ереженің, жұмыстағы тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі және сенімділік дәрежесі _____

5. Жұмыстың практикалық маңыздылығы _____

6. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну нысандары мен тәсілдері: _____

7. Рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер:_____

8. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:_____

Пікір білдіруші:

Ұйым атауы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, көрсетілген лауазымы_____

Т. А. Ә., қолы, күні

Бекітемін:
Білім беру ұйымының басшысы

Т. А. Ә., қолы
2022 ж. «__» _____

**Инновациялық педагогикалық тәжірибенің нәтижелерін енгізу
(қолдану немесе пайдалану) туралы
Акт**

1. Енгізу авторы (Т.А.Ә. толық) _____
2. Оқу-әдістемелік басылымның атауы (оқу құралы, оқулық, бағдарлама және т. б.) _____
3. Тақырып атауы _____
4. Тәжірибе нәтижелері пайдаланылатын ұйымның атауы _____
5. Сынақ өткізудің басталу күні _____
6. Экспериментті енгізу нәтижелері туралы қорытынды _____

Басшының ҒӘЖ бойынша орынбасары _____
(Т. А. Ә.) қолы

Автор _____
(Т. А. Ә.) қолы